

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ЗАНДЫ ТҮЛӘ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
 2007 ж. 05. 06  
 № 26436-1910-1910  
 МНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
 ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
 20 06 2007 г.  
 Алматы қаласы № 26436-1910-1910

Бекітілген:  
 №1 Протоколмен 21 мамыр 2007  
 жылы құрылтайшылар жиналысында

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚОЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУДАРЫМЕН ЗАНДЫ  
 № 26436-1910-1910 БҰЙРЫҒЫ  
 МНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫ  
 С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ  
 ПРИКАЗ № 4146  
 19 05 2007 г.

7  
 Қазақстан Республикасы  
 Әділет Министрлігі  
 Алматы қаласы  
 Әділет Департаменті  
 ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР  
 2007 ж. 05. 05 жүргізілді.  
 БСН 0706400503385

## «Private Asset Management» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

АЛМАТЫ  
 2007 ЖЫЛ

СМОТРИТЕ  
 НА ОБОРОТЕ

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. «Private Asset Management» акционерлік қоғамы, бұдан былай «Қоғам» деп аталады, заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, осы Жарғы, белгіленген тәртіпте өз құзыреттері шегінде қабылдаған Акционерлер жалпы жиналысының және Қоғамның басқа органдарының шешімдері негізінде атқарады.

1.2. Қоғамның толық және қысқартылған атауы:

а) қазақ тілінде: «Private Asset Management» акционерлік қоғамы, «Private Asset Management» АҚ;

б) орыс тілінде: Акционерное общество «Private Asset Management», АО «Private Asset Management»;

в) ағылшын тілінде - Joint-Stock Company «Private Asset Management», JSC «Private Asset Management».

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Алматы қаласы, 050040, Медеу ауданы, аль Фараби д., 110а, б.

## II. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӨРТЕБЕСІ.

2.1. Қоғам заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады. Қоғамның меншігінде дараланған мүлік бар және осы мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, Қоғам өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иеленуге және атқаруға, міндеттер көтеруге, талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.3. Қоғамның дербес балансы, өз қарауы бойынша банктерде есеп айырысу және өзге шоттары, қазақ және орыс тілінде өз атауы көрсетілген мөрі бар.

2.4. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді. Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа кездері оларға тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

2.5. Қоғам заңмен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар одан тысқары жерде өзінің еншілес компанияларын, филиалдарын және өкілдіктерін ашуға құқылы.

2.6. Қоғамның өзінің қызметін атқару үшін тауарлық белгісі, бланктері, эмблемалары және өзге деректемелері бар, олар Қоғамның Атқарушы органымен бекітіледі.

Өзінің функционалдық міндеттерін атқара алуы үшін Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде өздерінің мөрлері және мөртаңбалары болуы мүмкін.

2.7. Қоғам оны мемлекеттік тіркеуден өткізген сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтарын иеленеді.

2.8. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

## III. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МӘНІ

3.1. Қоғамның мақсаты негізгі қызметтен табыс көру және оны Қоғам акционерлерінің мүдделері үшін пайдалану болып табылады.

3.2. Қоғам келесі қызмет түрлерін атқарады:

3.2.1. Инвестициялық портфельді басқару бойынша қызмет;

3.2.2. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызмет;

3.2.3. Инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметпен сәйкес келетін бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтердің басқа түрлері;

3.2.4. Кәсіпорынды қайта құрылымдау және қайта құру мәселелері жөніндегі кеңес беру қызметтерін ұсыну;

3.2.5. Активтерді басқару жөніндегі қызметтерді және инвесторларға инвестициялық-кеңес беру қызметтерін ұсыну;

3.2.6. Жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру, сонымен қатар қаржыландыру көздерін бағалау және синдикатталған жобалық қаржыландыру;

3.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік операциялар;

3.2.8. Андеррайтингтік қызмет;

3.2.9. Кеңес беру қызметтері;

3.2.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызмет түрлері.

3.3. Жарғының 3.2. тармағында сипатталған барлық қызметті Қоғам заңнамамен белгіленген тиісті рұқсаттарды және лицензияларды алғаннан кейін ғана атқара алады.

## IV. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ КАПИТАЛЫ.

4.1. Қоғамның мүлкін негізгі қорлар және айналымдағы қаражаттар, сонымен қатар мүлкі Қоғамның дербес балансында көрінетін өзге мүлік құрайды.

4.2. Мүлік Қоғамға меншік құқығында тиесілі.

4.3. Қоғамның мүлкін құрайтын көздер:

а) акционерлердің Жарғылық капиталға енгізген салымдары;

б) қызметтен түскен табыс, сонымен қатар заңнамамен рұқсат етілетін басқа негіздер бойынша сатып алынған өзге мүлік;

в) заңнамамен тыйым салынбаған өзге көздер.

## V. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ.

5.1. Қоғамның органдары:

5.1.1. Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы (дауыс беретін акциялар бір акционерге тиесілі болғанда – сол акционер);

5.1.2. Басқару органы – Директорлар кеңесі;

5.1.3. Атқарушы орган – Басқарма;

5.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен карастырылған өзге органдар.

5.2. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғарғы органы болып табылады, оның ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу не болмаса оны жаңа редакцияда бекіту;
2. Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
3. Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның жарияланбаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
4. санақ комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
5. Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесіне сыйақы мөлшерін және оны төлеу шарттарын анықтау;
6. Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
7. жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
8. есеп берілген қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту;
9. Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
10. Қоғамның акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау формасын анықтау және ондай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту;
12. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
13. акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау;
14. «алтын акцияларды» енгізу және жою;
15. шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен Акционерлер жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

5.3. Акционерлер жалпы жиналысының келесі мәселелер бойынша шешімдері:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу не болмаса оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім;

Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының айқын көпшілігімен қабылданады.

Жалпы жиналыстың басқа мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен өзге нәрсе карастырылмаса, шешім қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің құзыретіне тапсыруға рұқсат етілмейді.

5.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімдерін бұзуға құқылы.

5.5. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстар болып бөлінеді.

Қоғам жыл сайын жылдық жалпы жиналысты өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс жиналыстар болып табылады.

5.6. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және дайындау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады, оның тәртібі келесідей:

- 1) акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайталама жиналысын шақыру;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы тұлғалардың тізімін құрастыру;
- 3) Акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау;
- 4) Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібін құрастыру және оған кіретін мәселелер бойынша материалдарды дайындау;
- 5) Акционерлер жалпы жиналысының кворумын анықтау;
- 6) санақ комиссиясының қызметін ұйымдастыру;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу;
- 8) Акционерлер жалпы жиналысының шешімдер қабылдауы;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру;
- 10) Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасын құрастыру.

5.7. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, оның тізбесі осы Жарғымен карастырылған.

5.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлер жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүргізеді.

5.9. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), сонымен қатар жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, орналастырудың (сатудың) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы және оларды сатып алудың бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау;

- 7) Атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысын және мүшелерін сайлау және мерзімнен бұрын олардың өкілеттіктерін тоқтату;
- 8) Қоғамның Атқарушы органы басшысының және мүшелерінің лауазымдық ақыларының мөлшерін, оларға еңбекақы және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек ақысының және сыйақысының мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
- 10) копоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымдық айлығының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 11) аудиторлық ұйымның, сонымен қатар ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалаумен айналысатын бағалаушының қызмет ақысының мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органмен қабылданатын құжаттардан басқа), сонымен қатар аукциондарды және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылуды өткізу тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 15) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 16) Қоғамның алдыңғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;
- 17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
- 18) ірі мәмілелерді және Қоғамның қызығушылығы бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 19) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған және Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылмаған басқа да мәселелер.

5.10. Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның Атқарушы органының шешілуіне табысталмайды. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес оның Атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлер жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқықсыз.

5.11. Директорлар кеңесін шақыру және оның қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады, сонымен қатар:

- 1) оның құрамы және өкілеттігінің мерзімі;
- 2) отырысты шақыру және өткізу тәртібі;
- 3) дауыс беру және отырыс хаттамасын рәсімдеу тәртібі.

5.12. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыру туралы бастама көтеруге құқылы тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беру өткізу туралы талап жазбаша нысанда Директорлар кеңесінің Төрағасына табысталады (ал егер ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – Атқарушы органға табысталады) және онда дауыс беруге қойылған нақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер) мазмұндалуы қажет.

Сырттай дауыс беру өткізу кезінде бір формадағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер және дауыс беруге шығарылған мәселе (мәселелер) бойынша материалдар дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне таратылады (беріледі).

Бюллетеньде мазмұндалады:

- 1) Қоғамның толық атауы;
- 2) отырысты өткізуді талап еткен бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді соңғы өткізу күні;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
- 5) «ия», «жоқ», «қалыс қалу» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетенді толтыру тәртібі бойынша түсініктемелер.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдермен бірге жазбаша нысанда рәсімделеді.

5.13. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты **Атқарушы орган** – Басқарма жүргізеді. Басқарма Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

5.14. Басқарма Акционерлер жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

5.15. Басқарма мүшелері акционерлер және Қоғамның акционерлері болып табылмайтын оның жұмыскерлері болуы мүмкін. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істей алады.

5.16. Басқарма төрағасы:

- 1) Акционер жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші жақтарға қатысты Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші жақтарға қатысты Қоғамды таныту құқығын беретін сенімхаттарды береді;
- 4) Қоғам жұмыскерлерін жұмысқа алады, ауыстырады және жұмыстан босатады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа), оларға қатысты ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазалауды белгілейді, Қоғам жұмыскерлерінің қызметтік айлықтарының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес айлықтарға арнайы үстемелердің мөлшерін белгілейді, Қоғамның жұмыскерлері сыйақыларының мөлшерін анықтайды (Басқарма және Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерден басқа);
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөледі;

7) осы Жарғымен және акционерлер жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген өзге қызметтерді атқарады.

5.17. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

5.18. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесінің және Атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

5.19. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

## **VI. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ.**

6.1. Қоғамның Акционерлері осы Жарғының басқа тармақтарында сөз етілген өз құқықтарымен қатар құқылы:

1) Қоғамның осы Жарғысымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;

2) дивидендтер алу;

3) Қоғам қызметі жайлы ақпараттарды алу, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Қоғам жарғысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржы есептілігімен танысу;

4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан акционердің бағалы қағаздарға қатысты меншік құқығын растайтын үзінді жазбаларды алу;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсыну;

6) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулау;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және Қоғамға сұрау келіп түскен сәттен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауап алу;

8) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алу.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайыз иеленетін Қоғамның ірі акционері оған қоса құқылы:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе егер Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгіну;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;

3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

4) аудиторлық ұйымнан өз есебінен Қоғамның аудитін өткізуді талап ету.

6.2. Қоғам Акционері міндетті:

1) акцияларды төлеу;

2) тіркеушіні және сол Акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Қоғамның акция ұстаушыларының реестрін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он күннің ішінде хабардар ету. Қоғам акционердің осы талапты орындамауы салдарына жауапты болмайды;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияларды құрайтын ақпараттарды жарияламау;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге міндеттерді орындау.

## **VII. ТАЗА ТАБЫСТЫ ҮЛЕСТІРУ ТӘРТІБІ. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР.**

7.1. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес салықтарды және бюджетке міндетті салықтарды төлегеннен кейін алынған Қоғамның таза табысын үлестіру тәртібі Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі.

Акционерлер жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның жалпы қажеттіліктеріне бағытталғаннан кейін қалған таза табыс акционерлер арасында дивидендтер түрінде үлестірілуі мүмкін.

7.2. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер есеп берілген жылдың нәтижелері бойынша ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді, бұл жағдайда дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акциялардың жай көпшілігімен қабылдануы қажет.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда Қоғамның жарияланған акцияларымен жүргізіледі.

Дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтер төленетін күннің алдыңғы күнінде құрастырылуы қажет.

Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзімен сатып алынған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Мына жағдайларда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу рұқсат етілмейді:

а) меншікті капитал теріс болған жағдайда немесе Қоғамның меншікті капиталы оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болатын болса;

б) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңына сәйкес төлеуге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік сипаттарына жауап берсе не болмаса аталмыш белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер төлеген жағдайда туындаса;

7.3. Дивидендтер төлеу туралы шешім және бір акцияға шаққанда жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін және оны төлеу мерзімдерін бекіту Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7.4. Акционер Қоғам берешегі туындаған мерзімге байланыссыз алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.

## **VIII. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ОЛАРДЫҢ ҮЛЕСТЕС**

## ТҰЛҒАЛАРЫ ЖАЙЫНДА АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ.

8.1. Қоғам үлестес тұлғалармен немесе Қоғам тіркеушісімен ұсынылған мәліметтердің негізінде өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді.

8.2. Қоғамның ірі акционерлері және лауазымды тұлғалары өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және көлемде ұсынады.

8.3. Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның акционерлерімен және үлестес тұлғаларымен тұлғаларды үлестес тұлғалар деп тану үшін негіз туындаған (жоғалтқан) күннен бастап не болмаса акцияларды сатып алған күннен бастап (Қоғамның лауазымды тұлғаларымен еңбек шартын жасаған күннен бастап) 7 күннің ішінде ұсынылуы қажет.

## IX. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АҚПАРАТ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ.

9.1. Акционерлердің мүдделеріне қатысы бар ақпарат акционердің жазбаша сұрауы бойынша 30 күннің ішінде Атқарушы органмен ұсынылады. Бұл жағдайда акционер аталмыш ақпаратта мазмұндалған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны жарияламау туралы жазбаша нысанда міндеттеме беруі қажет.

9.2. Қоғам және оның акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өздерінің хабарламаларын және басқа ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары - «Егемен Қазақстан» газеті және/немесе «Экспресс-К» газеті. Қоғам қосымша Басқарма Төрағасының шешімі бойынша Қоғам қызметі туралы ақпаратты басқа бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9.3. Акционерлерге Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиясын құрайтын құжаттардың көшірмесі берілмейді.

Құпиялық сипатқа ие және қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға шектеу Директорлар кеңесімен белгіленеді.

## X. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІГІ.

10.1. Қоғамның қаржы жылы (операциялық жылы) 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

10.2. Қоғамның қаржы есептілігіне Қоғамның бухгалтерлік балансы, шығындар мен табыстар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, сонымен қатар бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамаға сәйкес өзге есептілік кіреді.

Атқарушы орган бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамаға және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есептің жүргізілуін және қаржы есептілігінің құрастырылуын ұйымдастырады, сонымен қатар заңнамамен белгіленген тәртіпте оның сақталмауына жауапкершілік көтереді.

10.3. Қоғам жылдық қаржы есептілігінің аудитін жүргізуге міндетті.

10.4. Атқарушы орган Акционерлердің жалпы жиналысына жыл сайын талқылау және бекіту үшін жылдық қаржы есептілігін ұсынады.

Қоғамның жылдық қаржы есептілігі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін отыз күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесімен алдын ала бекітілуі қажет.

Қоғамның жылдық қаржы есептілігін соңғы рет бекіту қаржы есептілігінің аудитін өткізгеннен кейін және аудиторлық ұйым (аудитор) есеп бергеннен кейін жылдық Жалпы жиналыста жүргізіледі.

Қоғам жыл сайын уәкілетті органмен белгіленген мерзімде бекітілген жылдық қаржы есептілігін баспа басылымында жариялауға міндетті.

## XI. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ (ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ).

11.1. Қоғамның қызметін тоқтату қайта құру немесе тарату арқылы жүргізіледі.

11.2. Қоғамды қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) заңнамамен қарастырылған тәртіпте Акционерлер жалпы жиналысымен жүргізіледі.

11.3. Қоғам мына жағдайларда таратылады:

а) Акционерлер жалпы жиналысының шешімі бойынша;

б) сот шешімі бойынша;

в) заңнамамен қарастырылған өзге негіздер бойынша.

11.4. Қоғамды тарату акционерлердің жалпы жиналысымен немесе сотпен тағайындалатын тарату комиссиясымен жүргізіледі. Тарату комиссиясын тағайындаған сәттен бастап оған Қоғамды басқару бойынша өкілеттіктер өтеді.

11.5. Тарату қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

## XII. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.


12.1. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

«Private Asset Management» АҚ Құрылтайшылардың қолы:

Нуркенов Ерке Ерлікұлы

Желдыбаева Гульнара Кенжебекқызы

Ахметов Амир Алданұлы



Утвержден:  
Протоколом №1  
Учредительного собрания  
от «21» мая 2007 года

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 1.1. Акционерное общество «Private Asset Management» (далее – Общество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан и является юридическим лицом, обладающим самостоятельным имуществом, способным отвечать по своим обязательствам.
- 1.2. Полное наименование Общества – Акционерное общество «Private Asset Management» (далее – Общество).
- 1.3. Общество создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан и является юридическим лицом, обладающим самостоятельным имуществом, способным отвечать по своим обязательствам.
- 1.4. Место нахождения Общества – Алматы, Республика Казахстан.

## II. ПРАВОВОЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

- 2.1. Общество является юридическим лицом, обладающим самостоятельным имуществом, способным отвечать по своим обязательствам.
- 2.2. Общество имеет устав, утвержденный Учредительным собранием.
- 2.3. Общество имеет печать, штампы и бланки, содержащие наименование Общества.
- 2.4. Общество имеет самостоятельную бухгалтерию и ведет учет в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- 2.5. Общество несет ответственность по своим обязательствам в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
- 2.6. Общество имеет право собственности на имущество, приобретенное в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

# УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «Private Asset Management»

## III. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

- 3.1. Целью Общества является извлечение прибыли от основной деятельности и инвестирования средств в интересах акционеров Общества.
- 3.2. Общество осуществляет следующие виды деятельности:
  - 3.2.1. Деятельность по управлению активами и инвестициям;
  - 3.2.2. Проведение и юридические консультации по вопросам управления активами;
  - 3.2.3. Другие виды профессиональной деятельности по управлению активами, инвестициям и финансированию;
  - 3.2.4. Проведение консультационных услуг по вопросам реструктуризации и реорганизации предприятий;
  - 3.2.5. Предоставление услуг по управлению активами и инвестициям;
  - 3.2.6. Организация финансово-кредитных процессов, а также анализ и оценка эффективности инвестиций и предоставление консультационных услуг;
  - 3.2.7. Финансовое обеспечение в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
  - 3.2.8. Деятельность в области управления активами;
  - 3.2.9. Деятельность, указанная в 3.2, осуществляется Обществом на законных основаниях в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

## IV. ИМУЩЕСТВО И КАПИТАЛ ОБЩЕСТВА

- 4.1. Имущество Общества составляет совокупность активов и обязательств Общества.
- 4.2. Имущество Общества формируется за счет:
  - 4.2.1. вкладов акционеров в Уставный капитал;
  - 4.2.2. прибыли, полученной от деятельности, а также иных источников, приобретенных по другим основаниям, предусмотренным законодательством;
  - 4.2.3. иных источников, предусмотренных законодательством.

## V. ОРГАНЫ ОБЩЕСТВА

- 5.1. Высшим органом Общества является Учредительное собрание.
- 5.2. Орган управления – Совет директоров.

АЛМАТЫ  
2007 год

## **I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.**

1.1. Акционерное общество «Private Asset Management», в дальнейшем именуемое «Общество», является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основе действующего законодательства Республики Казахстан и настоящего Устава, решений Общего собрания акционеров и других органов Общества, принятых в пределах их компетенции в установленном порядке.

1.2. Полное и сокращенное наименование Общества:

